

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№3 хаттама

Күні: 11.03.2026ж.

Қатысқаны: 18 адам

Күн тәртібінде:

1. Баламен қарым-қатынас мәдениеті: мейірімділік пен құрмет
2. Эмоциялық тұрақтылық – әдептіліктің тірегі

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.С.Косанова сөз бастады.

Баламен дұрыс қарым-қатынас орнату – педагогтың кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші. Мейірімділік пен құрметке негізделген қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімін арттырып, психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Баламен қарым-қатынастың негізгі қағидалары

1. Мейірімділік. Мейірімді қарым-қатынас баланың өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуіне көмектеседі. Педагог жылы сөз айтып, қолдау көрсеткен кезде бала өзін бағалы тұлға ретінде сезінеді.
2. Құрмет. Әр бала – жеке тұлға. Оның ойын тыңдау, сезімін түсіну, пікірін ескеру – құрметтің белгісі.
3. Тыңдай білу. Педагог баланың сөзін бөлмей тыңдап, оның ойын түсінуге тырысуы қажет.
4. Сабырлылық. Баланың қателігіне сабырмен қарап, дұрыс бағыт көрсету педагогикалық әдептің белгісі.

5. Әділдік. Барлық балаларға тең қарау – тәрбие жұмысындағы маңызды қағида.

Баламен қарым-қатынас мәдениеті – педагогтың кәсіби шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Мейірімділік пен құрметке негізделген қарым-қатынас:

- баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- өзіне деген сенімін арттырады;
- тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Педагог әрдайым баланың жүрегіне жол таба білуі керек. Жылы сөз, сабырлы дауыс, түсіністік – тәрбиенің ең тиімді құралдары.

Екінші мәселе бойынша пси холог Шамшина Н.М. жалғастырды.

Педагогтың кәсіби мінез-құлқы мен әдептілігі көбіне оның эмоционалды тұрақтылығына байланысты. Эмоциялық тұрақтылық – стресстік жағдайларда сабырлы болу, баланы түсіну және әділ шешім қабылдау қабілеті.

Неліктен маңызды:

- Педагогтың эмоциясы баланың психологиялық жай-күйіне әсер етеді.
- Сабырлы педагог балалар мен ата-аналарға сенімділік береді.
- Эмоциялық тұрақтылық – педагогикалық әдептің негізгі тірегі.

Эмоциялық тұрақтылық дегеніміз не?

- Стресс пен қиындықтарға қарсы сабырлы болу қабілеті;
- Балалар мен ата-аналармен қарым-қатынаста тұрақты эмоция көрсету;
- Қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау.

Көрсеткіштері:

- Сабырлық
- Төзімділік
- Қиындыққа қарсы икемділік
- Қарым-қатынаста әділдік

Педагогтың жемісті еңбегі бұл – эмоциялық тұрақтылықпен тікелей байланысты.

Эмоциялық тұрақтылықты көтеру эмоционалды иілгіштікке, яғни өзгені түсіне білуге, өз ойын барабарлық (адекваттық) түрде жеткізе білуге өтуге мүмкіндік беретін эмоциялық мәдениетті көтеруге әсер етеді. Сонымен мәселе эмпатия мен экспрессия жайында болады. Эмоциясы енжар педагог ашық эмоциясы жоқ болып көрінеді және бұл жағдай балаларды түрлі жаман әрекеттер жасауға итермелеп, келеңсіз оқиғалардың тууына себепкер болады.

Неліктен балалар өздерінің нашар қылықтарымен педагогтан өздеріне таныс мимикаларды, қимылдарды шығарып алуға тырысатындықтарын талқылау. Көбінесе, ересек адамдар сұсты болып көріну арқылы балаларды тәртіпке келтіруге болады деп есептейді. Кейіннен бұл бейне педагогтың жүзінен ұзақ уақытқа орын алып, педагогтық барлық қылықтырына басшылық жасайды.

Эмоциялық тұрақтылық – педагогикалық әдептің негізі.

Сабырлы, мейірімді, әділ педагог балалар мен ата-аналар алдында сенімді тұлға болып көрінеді.

Баланың эмоционалды дамуы педагогтың өз эмоциясын басқару деңгейіне тікелей байланысты.

Keңестің шешімі:

1. Баламен қарым-қатынас мәдениеті: мейірімділік пен құрмет педагогтар тарапынан жұмыс барысында ескерілсін.
2. Эмоциялық тұрақтылық – әдептіліктің тірегі бойынша айтылған ұсынымдарды сақтау назарға алынсын.

Keңес төрағасы:



Г.Б. Уразалина

Keңес хатшысы:



Г.С. Косанова